

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 маусымдағы № 271 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 маусымда № 2704 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 7 маусымдағы № 240 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 07.06.2016 № 240 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Шардара ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 27.01.2015 № 51 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Алиповке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К.Айтурсев

Шардара ауданы әкімдігінің
2014 жылғы "5" маусымдағы
№ 271 қаулысына 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Аудан атауы	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
			республикалық бюджет есебінен	жергілікті бюджет есебінен
1	Шардара	3558	2497	1061

Шардара ауданы әкімдігінің
2014 жылғы "5" маусымдағы
№ 271 қаулысына 2-қосымша

Жан басына шағып қаржыландырудың мөлшері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 15.06.2015 № 246 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге	
Балабақша	Мектеп жанындағы шағын орталық
18375,8	7021,9

Шардара ауданы әкімдігінің
2014 жылғы "5" маусымдағы
№ 271 қаулысына 3-қосымша

Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Барлығы	Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)	Айына бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес)
	337,35	7084,35

Ескертпе: Айына бір балаға тамаққа кететін шығын 21 күнге есептелген.